



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары**

2022 жылғы 27 сәуірдегі
№ ДС-144

Құрметті депутаттар!

Мүгедектігі бар адамдардың мәселелеріне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Аудан орталығындағы орта мектептерде мүгедектігі бар балалармен жұмыс істейтін кабинеттер ашуға қатысты

Бүгінгі күні білім беру ұйымдарында ерекше білім алуына қажеттілігі бар 3 666 баланы қамтитын барлығы 400 инклюзияны (аудан орталықтарын қоса алғанда) қолдау кабинеттері ашылған, оның ішінде 2020 жылы – 332 кабинеттер, 2021 жылы – 68 кабинеттер қызмет етуде.

Білім беру жүйесінде барлық өңірлерде жалпы білім беретін және арнайы мектептер жанында, сондай-ақ психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда ресурстық орталықтар желісі жұмыс істейді.

Онда барлық балалар психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған, 370 арнайы педагог, 313 психолог, 596 педагог-ассистент жұмыс істейді. Сонымен қатар, мектептерде тағы 525 педагог-ассистент оқу-тәрбие процесі кезінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды ертіп жүреді.

Есту аппараттарына қатысты

Әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру үшін мүгедектігі бар адамдарға қажетті оңалтудың құралдары мен қызметтерін өз бетінше таңдау құқығын беру үшін 2021 жылы Әлеуметтік қызметтер порталы (бұдан әрі – Портал) пайдалануға енгізілді.

Портал арқылы сатып алған тауарларының және көрсетілетін қызметтерінің құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген соманы анықтаудың жаңа әдістемесі¹ (бұдан әрі – Әдістеме) әзірленді.

Әдістемеге сәйкес кепілдік берілген соманы есептеу кезінде үш ақпарат көзінің деректері пайдаланылады, олардың бірі нарықтағы бағалардың өзгеруін есепке алуға мүмкіндік беретін тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің коммерциялық ұсыныстары болып табылады.

¹ 20.01.2022 жылғы № 20 Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген

Осылайша, 2022 жылға есту аппараттарына кепілдік берілген соманың мөлшері есту қабілетінің жоғалу дәрежесін (I, II, III дәрежелі) ескере отырып, 59 мың теңгеден 63 мың теңгеге дейін құрайды.

Егер алушы қымбатырақ есту аппаратын (*жақсартылған сипаттамалары бар заманауи үлгілер, фирмалық өндірушілерден*) таңдаған жағдайда, мүгедек адам кепілдендірілген сома мен оның нақты құны арасындағы айырмашылықты өзі төлей алады.

Анықтама: *есту аппаратын сурдолог мамандар (есту протез мамандары) әрбір азаматтарға жеке таңдайтынын ескере кеткен жөн. Сарапшылардың пікірінше, есту аппаратындағы арналардың саны дыбыс сапасын және өңдеу қабілетін анықтайтын маңызды параметр болып табылады.*

Жалпы алғанда бүгінгі күні Денсаулық сақтау министрлігі есту қабілеті бұзылған балаларды ерте анықтау және емдеу бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізуде. Елімізде әртүрлі дәрежедегі есту қабілеті бұзылған 6,9 мыңнан астам бала тіркелген (*2021 жылдың соңындағы жағдай бойынша*).

Барлық жаңа туған нәрестелер мен ерте жастағы (*6 жасқа дейін қоса алғанда*) балалардың есту қабілетінің бұзылуын уақтылы анықтау мақсатында аудиологиялық скрининг жүргізіледі.

Сонымен қатар, Денсаулық сақтау министрлігі есту аппараттарына мұқтаж, мүгедектігі жоқ балаларды (*есту қабілетінің 1-3 дәрежесі бұзылған балаларды есту протездеуге қажеттілік, оларды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражаты есебінен есту аппараттарымен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарау, бейінді мамандармен талқылау, пациенттердің бағыты, болжамды шығыстар*) есту аппараттарымен қамтамасыз ету мүмкіндігін зерделеуде.

Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ «Ақсай» университеттік клиникасын (*бұдан әрі – Ақсай клиникасы*) құлақ аурулары (*құлақтың туа біткен даму ақаулары*) бар балаларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құзыреттілік орталығы ретінде айқындады.

Бүгінгі күні «Ақсай» клиникасының базасында естуді жақсартатын бірқатар операциялар, оның ішінде сүйек өткізгіштік импланттары жүргізіледі.

Анықтама: *2021 ж. құлақ дамуының туа біткен ақаулары бар 80-нен астам бала түрлі операциялық ем алды, 200-ден астам есту қабілетін жақсарту операциялары жүргізілді.*

Ауданнан, ауылдық округтерден қалаға қатынайтын қоғамдық көліктерде жүру үшін жеңілдіктер ұсынуға қатысты

2019 жылғы тамыздан бастап мүгедектіктің барлық тобындағы адамдарға, сондай-ақ мүгедектігі бар балаларға әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол көлігімен жол жүруге жол жүру құжатының (билетінің) құнынан 50 % мөлшерінде жеңілдік белгіленгенін атап өту қажет.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдауды ұйымдастырады.

Анықтама: *Алматы, Атырау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында және Алматы қаласында мүгедектігі бар адамдарға қоғамдық көлікте жүруге жеңілдіктер берілді.*

Нұр-Сұлтан қаласында барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балалардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) біріне қоғамдық көлікте тегін жол жүру ақысы беріледі.

Шығыс Қазақстан облысында облысаралық қалааралық, қалааралық (облысішілік қалааралық) маршруттарға қызмет көрсететін облыс тасымалдаушылары ҰОС қатысушыларына, 1-топтағы көру қабілеті бұзылған мүгедектігі бар адамдарға, оның жанында ілесіп жүретін адамға және 2-топтағы көру қабілеті бұзылған мүгедектігі бар адамдарға тегін жол жүруді ұсынады.

Қостанай облысында көру қабілеті бұзылған 1, 2-топтағы мүгедектігі бар адамдарға тұрақты ауданаралық (қалааралық облысішілік) маршруттарда және Қостанай қаласы бойынша маршруттарда тегін жүру бойынша жеңілдіктер беріледі.

Түркістан облысында тасымалдаушылар есебінен ҰОС ардагерлері мен оларға теңестірілген тыл еңбеккерлеріне тегін жол жүру ақысы берілді.

Сонымен қатар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдеріне ауданнан, ауылдық округтерден қалаға қатынайтын мүгедектігі бар адамдарға қоғамдық көліктерде жүру үшін жеңілдіктерді қарастыру туралы тапсырма берілді.

Бімдау тілінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарын ұйымдастыруға қатысты

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған Ұлттық жоба шеңберінде қысқа мерзімді кәсіптік оқыту және кәсіпкерліктің негізіне оқыту іске асырылады.

Ағымдағы жылы «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерліктің негіздеріне оқытуды ұйымдастыру үшін оқытудың бейне сабақтарын өзектендіру бойынша жұмыс атқарылуда, оның аясында бейнероликтерде сурдоаударманы ұйымдастыру мүмкіндігі ескеріледі.

Оқытылған адамдарды кейіннен жұмыспен қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімді кәсіптік оқыту жұмыс берушілердің қажеттілігі бойынша іске асырылады. Бұл оқыту түрі орташа алғанда үш ай жүргізіледі. Бімдау тілі мамандарын тарту мәселесі мүдделі мемлекеттік органдармен және жергілікті атқарушы органдармен қосымша пысықталатын болады.

Мүгедектігі бар балаларды сурдоаудармашымен спорттық секцияларға қатыстыруға қатысты

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес есту қабілеті бұзылған адамдарға мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жылына алпыс сағат мөлшерінде ымдау тілі маманының қызметтері ұсынылады.

Бүгінгі таңда республикада мүгедектігі бар адамдарға арналған **14 спорт клубы және 3 мектеп** жұмыс істейді (*спорт клубтары: Алматы, Шымкент қалаларында, Түркістан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Ақтөбе, Атырау және Қызылорда облыстарында; спорт мектептері: Нұр-Сұлтан қаласында, Қарағанды және Алматы облыстарында*).

Спорт клубтары мен мектептерде дене шынықтырумен және спортпен айналысуға көрсетілімдері бар мүгедектігі бар адамдардың жалпы санынан дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын мүгедек адамдардың саны 48 565 адамды немесе 12,7% (2019 жылы 32 811 адам немесе 11,7%; 2020 жылы 38 352 адам немесе 12,2%) құрайды.

Бүгінгі таңда 590 жабық спорт кешені бар, олардың 122-сі немесе 20 %-ы мүгедектігі бар адамдар үшін дене шынықтыру және спортпен айналысуға толық бейімделген. 2025 жылға дейін Қазақстан Республикасының барлық спорт кешендерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жағдай жасау жоспарлануда.

Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов